

## **Дыбысты машықтандыру кезеңі логопедиялық сабақ жоспары**

**Кезең:** Дыбысты сөздерде машықтандыру кезеңі

**Мақсаты:**

**Білімділік:** - О дыбысын сөздерде машықтандыру, сөз құрамынан дыбысты бөлуге жаттықтыру, сөздегі дыбыстың орнын табу және талдау және жинақтау дағдысын дамыту, сөз қорын молайту.

**Түзетушілік:** ойлау процесстерін, есте сақтауын дамыту, жұмыс барысында қол және артикуляциялық аппарат мүшелерінің тепе – теңдігін, дауыстың ырғақтылығы мен күшін дамыту.

**Тәрбиелік:** топпен жұмыс жасауға, өз бетінше жұмыс жасауға үйрету.

**Құрал – жабдықтар:** тақырыптық суреттер, О дыбысының баспа және жазба түрлері, жұмбақтар.

**Сабақ барысы:**

### **I. Ұйымдастыру кезеңі:**

Жыл мезгілі, ай аты, апта күні.

### **II. Өткенді қайталау.**

Тақтаға «Отбасы» суреті ілінеді. Бұлар кімдер? Отбасы мүшелерін атайды.

- Олар қайда өмір сүреді?
- Бір шаңырақ асында, яғни отбасында.
- «Отбасы» сөзі қандай дыбыстан басталып тұр?
- О дыбысынан.
- Ендеше бүгін біз О дыбысымен танысамыз.

### **III. Артикуляциялық гимнастика:**

Мен әдемі сөйлеймін,

Мен нақты сөйлеймін,

Мен асықпай сөйлеймін. -Көзімізді ашып – жұмамыз (қатты – жай);

-Ернімізді түтікше тәрізді алға созамыз;

-Ұртын үрлеу.

-Ернін созу"у", "о" -Жымияды " и"

-Қасын көтеру "Ой" (таң қалу)

-Дем алу және тыныс шығару: са – со – су - сы. а)

«Күлу», «Ине», «Өткеншек», «Кесе», «Тәтті тосап»- жоғарғы тісті жалау,

«Тістердітазалаймыз», «Аттар», «Сылақшы».

Ойлауын, есте сақтауын дамытады. Баланың логопедтің айтқанын қайталап, орындайды.

Артикуляциясын дамытады.

Күші, ұзақтығы, ұзындығы бойынша әр түрлі дыбыстарды айту бөліктерін дамыту.

Жай дауыспен А-а-а О-о-о У-у-у И-и-и

Қатты дауыспен А-а-а-а- а-а О-о-о-о- о-о-о У-у-у-у- у-у-у И-и-и- и-и

**Мақсаты:** мұрын және ауыз арқылы тыныс алуды ажырату, диафрагмальды тыныс алуды дамыту (өткізу уақыты 5 минут)

**Жаттығулар:**

-ауызбен дем алу-мұрынмендем шығару (3 рет)

-ауызбен дем алу-ауызбен дем шығару (3 рет)

-мұрынмендем алу-ауызбен дем шығару (3 рет)

-мұрынмендем алу-мұрынмен дем шығару (3 рет)

#### **IV. Дыбысты буындарға, сөздерге, фразаларға, байланыстырып сөйлеуіне енгізу:**

##### **1 – тапсырма: «Не артық?» ойыны:**

Суреттік карточкаларды атап ішінде не артық, қалғанын бір сөзбен қалай атауға болады?

- Алма артық, қалғаны ойыншықтар.
- Ойыншық сөзі о дыбысынан басталады.

##### **2-тапсырма: «Орнын тап» ойыны.**

О дыбысының орнын табу. Сөздің басында, ортасында, кейбір басқа тілден енген сөздерде сөздің соңында кездеседі.

Орамал, ою, орындық – сөз басында;

Доп, моншақ, домбыра – сөз ортасында;

Пальто, кресло - сөз соңында.

Сөздерді буынға бөлу.

##### **3- тапсырма: Сергіту сәті:**

Ормандағы аюдың,

Құлпынайы көп екен

Теріп-теріп алайық,

Қалтамызға салайық.

#### **VI. Дыбыстық талдау, жинақтауды қалыптастыру бойынша жұмыс:**

##### **1-тапсырма: «Кім тез?» ойыны.**

**Ойын шарты:** «О» мен «А» дыбыстарынан басталатын сөздер айтамын. О дыбысынан келетін сөзді естісеңдер «О» дыбысының сигналдық белгісін, ал «А» дыбысынан келетін сөздерді естісеңдер «А» дыбысының сигналдық белгісін көтересіңдер.

**Сөздер:** үйрек, ұя, ұстаз, үстел.

##### **2-тапсырма. Ойын «Кім жылдам?»**

**Ойынның шарты:** «О» мен «А» дыбыстарына қатысты сурет көрсетіледі, сол көрсетілген суреттердің атын атап, буынға бөліп және орнын тауып, белгілейміз

##### **3- тапсырма: Адасқан әріптерден сөз құра.**

- т н а о (отан)

- ғ а а (аға)

##### **4- тапсырма.** Экранда көрсетілген суреттер бойынша «О» дыбысынан келетін сөздерді

«О» бағанына, ал «А» дыбысынан келетін сөздерді «А» бағанына жазу керек.

- Отбасы, ошақ,

- Ата, ана, аға.

#### **VIII. Сабақ қорытындысы:**

Бағалау, мадақтау.